



Қарахан мемлекетінің құрылуы мен құлауы

Қарахан мемлекетінің негізі үлесті жүйеде қаланып, билік екі тайпалық топ – жігіл және яғма ақсүйектері арасында бөлініп, мемлекет Шығыс және Батыс деген екі иеліктен (хандықтан) тұрды. Оларды өз қағандары басқарды.

1. Шығыс хандық Жетісу аймағы мен Шығыс Түркістан жерін алып жатты. Орталығы Баласағұн қаласына жақын жатқан Орда қаласы (оны Қара Орда немесе күз Орда деп те атаған) кейін Қашғар қаласы болды.

2. Батыс хандық Мауренахрды биледі. Орталығы алғаш Бұхара, кейін Самарқан қаласы болды. Қарахан мемлекетінде биліктің қосарлы немесе тең құқықты жүйесі қалыптасты.

Шығыс хандық Қарахан мемлекетінің негізгі бөлігі болып саналған. Сондықтан оның ханы дәстүр бойынша жоғарғы Ұлы қаған болып есептелген. Бірақ екі хандықтың арасында онша бірлік болмай, олар жиі жеке-жеке бөлініп кетіп отырған.

Қарахан әулетінің шығу тегі Қашғарияда өмір сүрген қарлұқтармен байланысты. Жазба деректерге қарағанда Қарахан мемлекетінің құрылуы мен даму тарихында басты рөлді Қарлұқ конфедерациясының тайпалары атқарды. 940-ыншы жылы Қашғарияның қарлұқ тайпалары Баласағұнды басып алып, Сатұқ Боғра хан басқарған жаңа әулеттің негізін қалады. Тарихта Қарахан мемлекеті аталған жаңа Түркі империясы құрылды. Болжам бойынша Қарахан әулеті атауы осы билеуші ұрпақтың арғы атасы Қараханнан шыққан.

999-ыншы жылы қарахандықтар Орта Азиядағы Самани мемлекетін талқандады. Өз билігін Әмударияға дейін жүргізді. Бұл өзен Қарахан мен Газнауилер арасындағы шегара болды.

Оныншы ғасырдың соңына қарай қағанаттың жер аумағы қалыптасты. Қарахан мемлекеті мен Қыпшақ хандығы арасындағы солтүстік шегара Балқаш және Алакөл көлдерінің бойымен өтті. Қарахандықтар иеліктері батысында Мауренахрды (Әмудария мен Сырдария аралығы), Жетісу жерін және шығысында Қашғарды қамтыды.

Қарахан мемлекетінде жер иеленудің иқталық жүйесі орнықты. Қағандар өз маңайындағыларға қазметтері үшін жер үлестерін бөліп беріп отырды. Олар аймақ немесе қала тұрғындарынан салық алу құқығына ие болды.

Мұндай жер үлестері иқта, ал иқтаны ұстаушылар иқтадар деп аталды.

Қарахандықтарда иқтадан басқа мынадай жер иелену түрлері болды: вакф – діни орындардың меншігі, ал мүлік – дінбасылардың жеке меншігі, яғни мемлекеттік салық түріндегі жерлер.

Иқта және иқталық жүйе Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өмірінде маңызды рөл атқарды. Феодалдық қатынастардың дамуына ықпал етті. Иқталық жүйе жаңа ақсүйек қауымын қалыптастырды. Олар байып алып, қағандарға бағынбады. Кейбір жеке жер иелері өз теңгесін шығарып, көрші елдермен дипломатиялық қатынас жүргізді. Мұның бәрі келіспеушілікке, өзара қырқысқа алып келді.

Исламды қабылдау қарахандықтар дәуіріндегі ірі оқиға болды. Қарахан қағаны Сатұқ Боғра хан түркілердің исламға өтуіне дейін-ақ жаңа дінді қабылдаған болатын. Оның мұрагері Мұса 960-ыншы жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

Қарахандықтардың екі бөлігі арасындағы өзара қырқыстар мен орталық биліктің әлсіреуін көшпелі қарақытай (қидан) тайпалары пайдаланды. Он екінші ғасырдың бас кезінен бастап Жетісу үнемі қидандардың шапқыншылығына ұшырап отырды. 1141-інші жылы Жетісудың негізгі аумағындағы саяси билік қарақытайлар қолына өтіп, олар қарахандық билеушілерді өздеріне тәуелді етті. Алайда қарақытайлар тек салық алумен шектелді. Олар өз бодандарының мемлекеттік құрылымына, дініне, мәдениетіне тиіспей, мұрагерлік қаған билігін де сақтады. Соған қарамастан қарақытайлардың үстемдігі қарахандардың саяси құлдырауының бастамасы болды.

1210-ыншы жылы наймандармен соғыста Шығыс Қарахан әулеті талқандалды. 1212-інші жылы Самарқанда Хорезм шахы Мұхаммед Батыс Қарахан әулетінің соңғы өкілін тағынан тайдырды. Бір кездегі аса қуатты Қарахан мемлекетінің тарихы осылайша аяқталды.

Қарахандар дәуірі Қазақстан аумағында феодалдық құрылыстың нығаюының маңызды кезеңі болды.

- Қарахан мемлекетінің негізі үлесті жүйеде қаланып, билік екі тайпалық топ – жігіл және яғма ақсүйектері арасында бөлініп, Шығыс және Батыс деген екі иеліктен (хандықтан) тұрды. Оны өз қағандары басқарды.
- Шығыс хандық Жетісу аймағы мен Шығыс Түркістан жерін алып жатты. Орталығы Баласағұн қаласына жақын жатқан Орда (оны Қара Орда немесе күз Орда деп те атаған), кейін Қашғар қаласы болды.
- Батыс хандық Мауренахрды биледі. Орталығы алғаш Бұхара, кейін Самарқан қаласы болды. Қарахан мемлекетінде биліктің қосарлы немесе тең құқықты жүйесі қалыптасты.
- Шығыс хандық Қарахан мемлекетінің негізгі бөлігі болып саналған. Сондықтан оның ханы дәстүр бойынша жоғарғы Ұлы қаған болып есептелген. Бірақ екі хандықтың арасында онша бірлік болмай, олар жиі жеке-жеке бөлініп кетіп отырған.
- Қарахан әулетінің шығу тегі Қашғарияда өмір сүрген қарлұқтармен байланысты. Жазба деректерге қарағанда Қарахан мемлекетінің құрылуы мен даму тарихында басты рөлді Қарлұқ конфедерациясының тайпалары атқарды.
- 940 жылы Қашғарияның қарлұқ тайпалары Баласағұнды басып алып, Сатұқ Боғра хан басқарған жаңа әулеттің негізін қалады. Осылайша тарихта Қарахан мемлекеті аталған жаңа Түркі империясы құрылды.
- Болжам бойынша Қарахан әулеті атауы осы билеуші ұрпақтың арғы атасы Қараханнан шыққан.
- 999 жылы қарахандықтар Орта Азиядағы Самани мемлекетін талқандап, өз билігін Әмударияға дейін жүргізді.
- X ғасырдың соғына қарай қағанаттың жер аумағы қалыптасты. Қарахан мемлекеті мен Қыпшақ хандығы арасындағы солтүстік шегара Балқаш және Алакөл көлдерінің бойымен өтті.
- Қарахандықтар иеліктері батысында Мауренахрды (Әмудария мен Сырдария аралығы), Жетісу жерін және шығысында Қашғарды қамтыды.
- Қарахан мемлекетінде жер иеленудің иқталық жүйесі орнықты. Қағандар өз маңайындағыларға қазметтері үшін жер үлестерін бөліп берді.
- Қызметтері үшін алған жер үлестері иқта, ал иқтаны ұстаушылар иқтадар деп аталды.
- Иқта және иқталық жүйе Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өмірінде маңызды рөл атқарды. Феодалдық қатынастардың дамуына ықпал етті.
- Иқталық жүйе жаңа ақсүйек қауымын қалыптастырды.
- Сатұқ Боғра ханның мұрагері Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады.
- 1141 жылы Жетісудың негізгі аумағындағы саяси билік қарақытайлар қолына өтіп, олар қарахандық билеушілерді өздеріне тәуелді етті.
- Алайда қарақытайлар тек салық алумен шектелді. Олар өз бодандарының мемлекеттік құрылымына, дініне, мәдениетіне тиіспей, мұрагерлік қаған билігін де сақтады.
- 1210 жылы наймандармен соғыста Шығыс Қарахан әулеті талқандалды.
- 1212 жылы Самарқанда Хорезм шахы Мұхаммед Батыс Қарахан әулетінің соңғы өкілін тағынан тайдырды.
- Бір кездегі аса қуатты Қарахан мемлекетінің тарихы осылайша аяқталды.
- Қарахандар дәуірі Қазақстан аумағында феодалдық құрылыстың нығаюының маңызды кезеңі болды.